

Ричард Беренгартен
Richard Berengarten

Аударған Сәуле Әбдірахман-қызы Батай
Translated by Saule Abdrakhman-kyzy Batay

Кешкі серуен

... Міне ымырт та түсті...

Алау жүзді Күн патша, алтын реңді,
Қарып өтер ыстығың бар денемді,
Балбырап тұла-бойым, арқам босап,
Сеземін шағылысқан нұр сәуленді.
Шомылып шуағыңа айдын, шаһар
Сағымың жүз шыдатпас, көз жұмылар.
Есімде сол бір көше, сол бір үйлер,
Қаз-қатар тұрған болар сол күйінде..
Ол қала басқа еді, бірақ, ғажап,
Танымастай өзгерген бәрі мүлде.

Біз келеміз аяңдап жағалауда,
Түнгі қайық, балауыз шам тұмсығыңда,
Дүрілдеп тұр, ол да дайын аттануға.
Бар қала жиналыпты жағажайға,
Сәнқой жастар, ғашықтар, ата-ана,
Балмұздақ жеп мәз-мейрам бала шаға,
Тізілген жол бойымен шайханада,
Кәрі-құртаң бақылайды кейуана,
Іңірде қарауытқан тау жоталар,
Ұқсайды еркелеген жануарға.

Батқан күннің шуағы, қызартқан тау мен мүйісті,
Ырғалған баяу жүрісті арудың қолы іспетті
Абайсыз тиіп кеткендей денеме менің бір түрлі.
Ап-ауыр жұмыр бөксесі, күн сүйген күрең білегі,
Қоп-қоңыр зәйтүн көздері күлімдеп, қара шаштары,
Қайрылып артқа, көрінген жібектей нәзік көмейі;
Мен жұтамын бір өзіңді ақ шуақ,
Сол әйелдің бабасындай аш құрсақ,
Іше берген мың жыл бойы сіміріп
Тіл үйірген шараптайын, саз құсап.

Кеуек қала, жарқын қала, кең қала,
Сенің жараң ол үшін тек дақ қана.
Көзіндегі сұрғылт секпіл тәрізді,
Елемеуге оны еркетай ерікті.
Оның аты- Елефтерия-Еркіндік,
Қарашығы түпсіз терең тұңғиық.
Нәзік сәуле шалған сәтте ақ жүзін,
Сыр шертеді нелер аңыз-ән қылып.
Соңғы жарық түскен кезде құбылып,
Сақшысындай күн нұрының түріліп,
Бостандықты таптаса да ерікті,
Азатпын деп билесе де қыз-қылық.

Шуағы мың жасаған ғажайып Кеш,
Күміс көмей, жез таңдай сұлу бикеш.
Шапағатың қаланы мүсіндеген
Сәнімен тамсандырар ертелі-кеш.
Сымбатты тұрғындардың ажары да,
Бүкіл әлем бір сенің назарыңда.
Мен де өзіңе бас ием құлдық ұрып,
Шаһардың азаматы болмасам да.
Шөлдеген жиһангердің аңсарымен,
Жұтуды шапағыңды аңсадым мен.
Толтырамын тәнімнің әр кеуегін
Өзің берген еркіндік кәусәрімен.

Ричард Беренгартен
Richard Berengarten

Аударған Сәуле Әбдірахман-қызы Батай
Translated by Saule Abdrakhman-kyzy Batay

interLitQ.org